Aıtpasa sózdiń atasy óledi

# Sakhara

Respýblıkalyq qoǵamdyq-saıası gazet

Gazet 1997 jyldyń 1 mamyrynan shyǵady

www.sakhara.kz Сахара

19 shilde 2019 jyl

JUMA

№24-25-26

[1261]


## Қасым-Жомарт Тоқаев:

# БІЗГЕ ТОҚМЕЙІЛСУГЕ БОЛМАЙДЫ

Бюджет қаржысы бірінші кезекте халықтың және мемлекеттің өзекті мәселелерін шешуге бағытталады. Ал, автокөлік сатып алу, әкімшілік ғимаратқа жөндеу жүргізу және басқа да сән-салтанат пен имиджге қатысты іс-шаралар кейінге қалдырылмақ. Президент лауазымына кіріскелі тұңғыш рет Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізген Қасым-Жомарт Тоқаев атқарушы билік қызметінің басым міндеттерін белгіледі.

Премьер, Президент Әкімшілігінің басшысы, Үкімет мүшелері, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстардың әкімдері, Қазақстан Президентіне тікелей бағынышты орталық меморгандардың басшылары қатысқан жиында Қазақстанның 2019 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындысы шығарылды. Үкімет мүшелері мен әкімдердің баяндамаларын мұқият тыңдаған Мемлекет басшысы алда өте маңызды міндеттер тұрғанын атап өтті.

*– Бұл, ең алдымен, еліміздің даму көрсеткіштеріне байланысты. Негізгі міндет – осы қарқынды одан ары арттыру. Биылғы бірінші жартыжылдықта Қа-зақстанда экономикалық өсім 4,1 пайызды құрады. Инфляцияның жылдық көрсеткіші 5,4 пайыз болды. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 11,7 пайызға өсті. Халықты толғандырған өзекті әлеуметтік мәселелер бойынша нақты шаралар қабылдануда,* – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

**(Жалғасы 4-бетте)**

## БҮГІНГІ САНДА

Қасым-Жомарт Тоқаев:

### "ҚЫЗМЕТКЕРІ ПАРАМЕН ҰСТАЛСА, БАСШЫСЫ ЖҰМЫСТАН КЕТУГЕ ӨТІНІШ ЖАЗУЫ ТИІС"

Біздің жұмысымыздың ең маңызды көрсеткіші – халықтың нақты табысы 6,3 пайызға өсті. Дегенмен тоқмейілсуге болмайды. Халықаралық сарапшылар әлемдік экономиканың дамуы күрделі кезеңде екенін айтуда. Осындай сын-қатерлерге қарамастан, ең басты міндетті жүзеге асыруымыз керек.

2-БЕТТЕ

### АРМЫСЫҢ, АЛАТАУ!

Тау шыңында, айналаңызға көз тастасаңыз өзіңізге бүкіл әлем бас иіп тұрғандай сезіледі. Төңірек тура алақаныңда тұрғандай көрінеді...

Тауға көтерілудің өзі адамның өмірі тәрізді.

6-БЕТТЕ

### ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ ДЕГЕН НЕ ЖӘНЕ ОЛАР ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

Тұтынушы дегеніміз кім? Тұтынушы – жеке, отбасында, үй ішінде және кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзге де пайдалануға ғана арналған тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) тапсырыс беру немесе соларды сатып алу ниеті бар не тапсырыс беретін, сатып алатын және (немесе) пайдаланатын жеке тұлға. Ал, тұтынушының қандай құқықтары бар?!

7-БЕТТЕ

## Кенжеболат Жолдыбай, саясаттанушы

# ЖАСТАРЫ ИМАНДЫ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

**Қандай халықтың болсын ерекше қастерлі қасиеттері болады. Біздің халық үшін, бұл – имандылық, адамгершілік. Бабаларымыз жас өскіндерге алғысын «Иманды, ырысты бол» деп батасын беріп өсірген. Яғни иманды ырыстан, байлықтан жоғары қойды, осыны бала санасына сіңірді. Ал шырық бұзғандар болса «не деген имансызсың» деп сөкті. Ол дәуірлерде қарғыстың ең ауыры еді бұл. Халқымыздың түсінігінде иман сөзінің аясында сенім мағынасымен қатар, барлық асыл қасиеттерді (ұят, ар-намыс, сабырлық, жомарттық, шыншылдық, адалдық, мейірімділік, кішіпейілділік, т.б.) қамтитын түсініктер көрініс тапқан. Бұрынғы дуалы ауыз аталардың сөйлеген сөздерінен, істеген амалдарынан имандылықтың желі есіп тұратын.**

Бабалардың айтуынша, иман Аталарымыздың айтуынша иман адам жүрегінен орын алып, көкірегінде сақталуы тиіс. Бұлай болмаса жексұрын әдеттер жаулап алып, адамды теріс жолға жетелеп әкетуі мүмкін. Дегенмен, олардан айналып кете алмайтының да анық. Абай қазаққа тән нашар қасиеттердің түрін он беске жеткізген. Қазіргі ғалымдарымыз отызға жеткізетін көрінеді.

Қалай десек те адамдықты ту етіп, кісілікпен ғұмыр кешкенге не жетсін? Атап айтқанда, жауапты орындарда иманды азаматтар отырса, билік тұтқасын құдайға қараған адамдар басқарса, «өз қалтасын» «ел қалтасының» есебінен толтырып, күн құрғатпай қақпанға түсіп жатқан жемқорлар, талайлар нәпсісін тыя алмаған парақорлық күрт азая түсер еді деген ойға кетесің. Осы орайда, бұрынғы Жезқазған облысының Жезді ауданын 16 жыл үзбей басқара отырып, ауданын сол кездегі Кеңес одағы көлемінде қатарынан үш бесжылдық жеңімпазы атандырған, зейнеткерлікке шыққан сәтінен өмірінің соңына дейін жасаған дүниесі не дарыны, не арыны асқан адамдар ғана бара алатын тірлік – шағын ғана Жезді кентінде ТМД елдерінде теңдесі жоқ тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайын ұйымдастырған Мәкен Төрегелдин жөнінде шағын бір естелікті айта кетудің реті келіп тұр.

Бұл әңгімені Қарағанды облысына қарасты Ұлытау ауданының әкімі болған, марқұм Баттал Мұқышұлы айтқан еді: «2003 жылдың көктем айында ағамыздың 80 жасқа толуын аудан халқы болып тойлауға дайындалдық.

**(Жалғасы 2-бетте)**


«Sakhara» газеті - әр отбасына!

Құрметті оқырман 2019 жылдың кез келген айынан газетке жазылуға болады.

# ПОТЕНЦИАЛ БАР, ӨСІМ ЖОҚ

**ҚР Парламент Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматулин ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін және өңдейтін кәсіпорындардың жүктемесі төмен екенің, сол себепті әлі күнге дейін өнімдерді импорттап отырғанымызды айтты.**

«Отандық мал шаруашылығын дамыту бойынша мемлекет қабылдаған шараларға қарамастан, әлі де шешімін таппаған бірқатар мәселе бар. Біріншіден, бұл – өңдеуші кәсіпорындардың төмен жүктемесі. Осыған толық тоқталып өтейін. Бүгінде біз еттің тек 33%-ы мен сүттің 31%-ын ғана өңдейміз. Елдегі барлық өңдеуші кәсіпорындардың жүктемесі әлі де төмен, 60% деңгейінде», - деді Н.Нығматулин.

Мәжіліс спикері Ресей мен Беларусь елінде осындай кәсіпорындардың өндірістік қуаттарының жүктемесі бүгінде 80%-дан асатынын айтты. Соның нәтижесінде ресейлік және белоруссиялық өнімдер Қазақстанға импортталады.

«Статистикадан түйгенім, елімізге жыл сайын 6 мың тоннадан астам сары май, 22 мың тоннаға жуық ірімшік, жалпы сомасы 45 млрд теңгені құрайтын 6 мың тоннадан астам консервілері жеткізіледі. Етті импорттайтынымыз мені таң қалдырады. Бұл өнімдерді біздің өңдеуші зауыттарымыз да өндіре алды емес пе? Және өндіруі тиіс. Ал бізде қалай? Көркемдеп айтсақ, потенциал бар, өсім жоқ. Бір жағынан біз бұл саланы 76 млрд теңгеге субсидиялаймыз, ал екінші жағынан біз бірден өз нарығымызда басқаларға орын беріп, ел ішіндегі нарықта кем дегенде 45 млрд теңге жоғалтамыз. Мен үш позицияны ғана сөз етіп отырмын», - деді спикер.

Н. Нығматулин осыған байланысты шағын өндірушілерді қайта өңдеу кәсіпорындарымен байланыстыратын дайындау кәсіпорындарының желісін құру мен дамытуды ,мал шаруашылығын өркендетуге барынша қолдау қажет екенін айтты.

**Б.Қуанов,**
**Өз тілшіміз**

## КЕНЖЕБОЛАТ ЖОЛДЫБАЙ, САЯСАТТАНУШЫ

# ЖАСТАРЫ ИМАНДЫ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

**(Соңы. Басы 1-бетте)**

Сәуір айының басында Мәкеңнің үйінде болғанымда, ол «Қазақмыс» корпорациясы басшылары Ким Владимир Сергеевичке және Юн Руслан Борисовичке 80 жылдық тойының шақыру билетін жеткізіп беруді маған тапсырды. Келесі күні, Владимир Ким іс сапарда екен, шақыру билеттерін Руслан Борисовичке табыстадым. Ол кісі маған: «Мәкен аға 80 жасқа келсе жақсы сый жасайық. Корпорация ол кісіге «Джип» автокөлігін немесе Жезқазған қаласынан жақсы коттедж үй берсе, қайсысын қалайды екен, сен соны сұрап біліп бер», дегесін бұл хабарды Мәкеңе айтып едім, ол: «Сен Руслан досыңа сәлем айт, менде автокөлік те, үй де бар. Ашық аспан астында музейдің экспонаттары жатыр, соның төбесін жауып берсін», деп бірақ түйді. Русланға келіп ақсақалдың сәлемін жеткізгенде ол маған қарап: «Баттал, міне біз осындай кісілерден үлгі алуымыз керек. Айтқан шаруасын орындаймыз», деді.

Мінеки, осыдан кейін басшының міндеті – халқына қызмет ету екендігін ерекше түйсінесің. Басшы адал, таза болса, қосшы да құлшына еңбек етеді, табан ақы, маңдай термен алынған табысын үстемелеуге бейіл болады. Яғни, Үкіметтің басты міндеті - халыққа адал әрі мінсіз қызмет көрсету. Президент те мұны жиі ескертіп отыр. Сондықтан да халық өз тағдырын сеніп тапсырған үкіметтің қателесуге хақы жоқ. Ендеше, билікте жүргендер Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың: «Алдымен ел ағалары, сендер қателеспеңдер. Сендер қателессеңдер соңдарыңнан ерген ел қателеседі» деген сөзін естерінде ұдайы ұстағандары жөн болар еді. Сонымен қатар, «Ұлық болсаң, кішік бол» деген мақалда философиялық мән бар. Өкінішке орай, бұл сөздерді азаматтарымыз, қасиеті бар болса да, өмірінің соңына дейін ұстай алмайды.

Сөз жоқ, адамның мінез-құлқы, өмірге деген көзқарасы өскен ортасына тікелей байланысты. Ешкімде жаман мінезбен, қаскөй көзқараспен келмейді. Сәби кезінде бәрі таза. Хәкім Абай бір сөзінде «Адам баласын заман өсіреді, кімде кім жаман болса, оның замандастарының бәрі кінәлі» деген түйінді пікір білдірген. Ендеше, қоғамда кездесіп жатқан кесірлі, кесапатты істерге бәріміз де кінәліміз. Сондықтан ақыл-ойды өсіретін, білім мен біліктілікті молайтып, жанашырлық пен мейірімділікті, имандылықты тереңдететін істерге бәріміз бір кісідей атсалыссақ, жіберген қателерімізді азайта түсеріміз анық. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, бұл жұмыстар бірінші кезекте отбасы тәрбиесін дұрыс жолға қоюдан бастау алғаны жөн. Осы ретте, ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыруға, өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға, отбасы мен некенің жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін жоғарлатуға бағытталған «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының жыл өткен сайын қарқын алып келе жатқаны көңілге демеу әрі үлкен сенім ұялатады.

Шүкір, бүгінде осы аталар мұрасын жаңғырту жағдайындамыз. Елбасы - Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек» деп атап өтті. Сондай-ақ, Елбасының «Біз тегіміз - түрік, дініміз - Ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін қасиетті кітап – Құран Кәрімді насихаттауды естен шығармауымыз керек. Дінімізді, тілімізді сақтау – ұлттығымызды, мемлекеттігімізді сақтайды» дегені тағы бар. Сол сияқты Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының салт-дәстүрімізге, табиғи болмысымызға, діни жолымызға сай келетін діни мектептің рөлін қайта жаңғырту туралы жаңа бастамасы да қазақ мұсылмандығының болашағы үшін жасалған игі қадам екені даусыз. Бұл бағыттағы атқарылып жатқан жұмыстар жайлы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Серікбай қажы Ораздың «Ұлы дала төсіндегі Ислам» атты кітабында егжей-тегжейлі айтылады.

Расында да, көріп-біліп отырғанымыздай, Қазақстан мұсылмандарының қарашаңырағы саналатын Діни басқарма бүгінде дамудың жаңа сатысына аяқ басып, заман ағымына сай жұмыс жасап келеді. Елорда төріне ауысқан соңғы төрт жыл ішінде ауқымды жобалар іске асып, Ислам дінін оқытып-үйрететін мамандар даярлау жұмыстары жолға қойылды, Діни басқарманың 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы қабылданды, ҚМБД-ға қарасты медреселердегі 32 діни пәндердің типтік оқу бағдарламалары жасалды, жаңа Тұжырымдамаға сәйкес Сарыағаш, Шымкент, Алматы, Ақтөбе қалаларында медреселер колледж статусына көтерілді, елдегі мешіттер саны тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы 63 мешіттен 3000-ға дейін жуықтады, тоғыз медресе - колледжде 1717 студент білім алуда, сондай-ақ облыс, қала, аудан орталық мешіттері жанынан ашылған тұрақты діни сауат ашу курстары жұмыс істейді. Өткен 2018 жыл «Ислам және отбасы жылы» болып жарияланып, көптеген игі істер жүзеге асты. Атап айтқанда, облыстық, қалалық мешіттердің жанынан арнайы отбасылық кеңес беру орталықтары ашылды, «Отбасым» топтамалық кітабы жарық көрді, ҚМДБ дін қызметкерлерінің ыждаһаттылықпен атқарған шараларының нәтижесінде 518 адам дәстүрлі дінге бет бұрды. Жыл басында киелі Түркістанда «Ислам және Ұлы дала өркениеті» атты конференция және наурыз айында мүфтияттың ұйытқы болуымен Елордада тұңғыш рет Еуразия мұсылман ғұламаларының форумы өтті. Түркістанда мүфтияттың арнайы кеңсесі ашылса, ҚМДБ Елордада өз алдына кітапханасы, акт залы, спорт залы, намазханасы, компьютер бөлмесі бар төрт қабатты жаңа ғимаратқа қоныс аударды.

Бір сөзбен айтқанда, осынша әлеуетке ие Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жастарды имандылыққа тәрбиелеу бағытында тиісті оқу-тәрбие беру орындарымен ынтымақтасып, нақты жұмыстар атқарып жатса ұтарымыз анық. Және де мына жайтты есте ұстаған жөн. Қасиетті Құранның 719 жерінде ғылым-білім туралы айтылады. Яғни, Ислам діні жай қарапайым дін ғана емес, үлкен өркениет, ғылым мен білімге негізделген дін. Сондықтан біз имандылық негізіндегі әділетке ұмтылатын, әділет мұраттарын ұстануға мүдделі қоғамдық өмірге қол жеткізсек арманымыздың орындалғаны дей беріңіз. Ұлы ойшыл, ғалым және ақын Жүсіп Баласағұнның: «Жастары иманды елдің – болашағы зор» деп ескертуі тегін емес.

# БАЛЫҚШЫЛАРДЫҢ ҚӘСІБИ МЕРЕКЕСІ АТАЛЫП ӨТТІ

**Атырауда Балық шаруашылығы қызметкерлерінің күні тойланды. Мерекелік шара дәстүр бойынша таңғы уақытта орталық көпір маңындағы Жайық өзенінен балық аулаудан басталды. Одан кейін «Атырау» шипажайы тұсындағы жағалауда бекіре тұқымдас балықтардың шабағын өзенге жіберу рәсімі өтті.**

Аталған шаралардан кейін Қ. Смағұлов аллеясында арқан тартыс, армрестлинг, қазақ күресі және шахматтан спорттық сайыстар өтті. Көрермендердің ерекше қызығушылығын сала қызметкерлерінің уақытқа балықтың қабыршағын ашу жарысы тудырды. Үш минутта 4 сазан аршыған «Тілекші» ЖШС қызметкері Дина Түймешова жеңімпаз атанды.

Мерекелік шаралар барысында балық саласында 33 жылдан бері жұмыс істейтін «Тілекші» ЖШС технологы Жанна Гайсина бал татыған балық сорпасын дайындау жолдарын айтып берді.

- Ең алдымен, жаңа ауланған балғын балық керек, мұздатқышта қатқан балықтың сорпасы аса дәмді болмайды. Қазанға құйылатын судың да маңызы бар – су балықтан сәл асып түруы қажет. Сорпа нәрлі болу үшін екі рет қайнатқан дұрыс: бір салған балық езіліп піскеннен соң, түсіріп алып, сол сорпаға тағы шикі балық салып қайнатады. Қазір түрлі дәмдеуіштер бар, бірақ балық сорпасына тұз бен бұрышты ғана пайдалану керек.

Балықшылар мерекесі Тұрғындар қалашығы жағалауынан қозғалған кемелердің шипажай тұсына дейін жүрген шеруімен қорытындыланды.

**Е.Ізбасаров,**
**Өз тілшіміз**

# АБАЙДЫҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ДЕҢГЕЙДЕ ТОЙЛАНУЫ КЕРЕК

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Семей халқымен кездесуі барысында ұлы Абай мұрасының "Рухани жаңғыру" бағдарламасының маңызды бағытына айналуы қажет екендігін айтып, ақынның 175 жылдығын мемлекеттік деңгейде атап өту қажет екенін мәлімдеді.**

Ақорданың баспасөз қызметінің хабарлауынша, Қазақстан Президенті жұмыс сапары аясында “Рухани жаңғыру” бағдарламасының іске асырылу барысымен танысып, бұл жобалардың ұлт руханиятына сүбелі үлес қосатын бастамалар болуы тиіс екенін атап көрсетті. Осы ретте Президент Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің қабырғасында қала жұртшылығымен кездесіп, шаһардың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін талқылады. Кездесу барысында Президент “Рухани жаңғыру” бағдарламасы аясында атқарылып жатқан маңызды жұмыстарға тоқталды.

Қазақ жазуын латын графикасына біртіндеп көшіруді бастадық. Бұл – қазақ тілін ғылым мен техниканың тіліне бейімдеп, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыру үшін жасалған үлкен қадам. “Туған жер” жобасы аясында меценаттардың қаржысына 600-ден астам әлеуметтік нысан салынды. Осындай берекелі бастамалар әрбір өңірде жалғасын табуы керек, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы халқымыздың тарихтан тағылым алып, ұлы бабаларымызды әрдайым ұлықтай білгенін және ұлы Абайдың мұрасы “Рухани жаңғырудың” маңызды бағдарына айналуы қажет екенін айтты.

Алдағы жылы Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толады. Осы айтулы датаны біз тұтас ел болып, мемлекеттік деңгейде атап өтуіміз керек. Біз үшін бұл мерейтойдың маңызы ерекше. Тарихи датаны ақыл-парасатпен, салиқалы деңгейде өткізуге баса мән беру керек. Негізгі мақсат – дана Абайдың тағылымын жастардың санасына сіңіру, ұлы тұлғаның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеу. Үкіметке Абайдың мерейтойына қажетті шаралар әзірлеуді тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы атом электр станциясын салу мәселесі қоғамда қызу талқыға түсіп жатқанын айтты. Бұл – күрделі мәселе. 2030 жылы Қазақстанда электр энергиясының жетіспеушілігі байқалуы мүмкін. Сондықтан осы мәселені қазір шешуіміз қажет. Дегенмен көпшіліктің пікірін ескермей, атом электр станциясын салу туралы шешім қабылдауға болмайды. Бүгінде бұл станцияның қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын көптеген технология бар. Сонымен қатар АЭС жаңа жұмыс орындарын ашып, Қазақстанның энергетикалық дербестігін қамтамасыз ете алатынын ескерген жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Және Қазақстан Президенті Семейдің бүгінгі ахуалына байланысты жүзеге асырылатын міндеттер жайлы да айтты.

Қаланың әрбір көшесі мен ғимаратында тарихтың салған ізі бар. Көне ғимараттардың тарихи және бастапқы бейнесін сақтап қалу – өте маңызды міндет. Біз Абай туралы айтқанда, оның әкесі Құнанбайдың ел тарихындағы еңбегін ұмытпауымыз қажет. Сондықтан алдағы уақытта облыс әкімдігі Құнанбайдың есімін ұлықтауға байланысты тиісті шаралар қабылдау мүмкіндігін қарастыруы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Айта кету керек, 30 мамыр күні ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы Абайдың 175 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы Жарлыққа қол қойды.

**Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейі қызметкерлерінің ғылыми іс-сапары барысында Қазан қаласынан құнды қазына табылды, - деп хабарлайды қорық-музейінің баспасөз қызметі.**

# АБАЙ ЖАЗҒАН ҚАРАМОЛА ЖАРҒЫСЫНЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫ ТАБЫЛДЫ

— 59 —

Вѣрно: переводчикъ Асановъ.

Печатано по распоряженію Военнаго Губернатора Семипалатинской области, 14 февраля 1886 г. № 1546.

КАЗАНЬ.

Типографія Императорскаго Университета.

1886.

«Бұл - 1885 жылы Абай Құнанбайұлы төбе би болған Қарамола съезінде қабылданған жарғының 1886 жылы Қазан қаласынан шыққан басылымы. «Қарамола жарғысы» XIX ғасырдағы адам құқықтарының сақталуы мен бостандығы хақында Абайдың өзі құрастырып шығарған, халық арасына кең таралған ережелердің бірі.

Бұл құжаттың қабылдануы мен ел арасына таралуы туралы деректер мен естеліктер өте көп. Қазіргі графикаға аударылған нұсқасы біраз уақыттан бері белгілі болса да, басылымның түпнұсқасы немесе көшірмесі беймәлім болатын», - делінген қорық-музейдің хабарламасында.

Бұл басылымды 1959 жылы ҚР Ғылым Академиясының қызметкері, ғалым Қарта Қаңтарбайұлы Қазан қаласынан тауып, аудармасын ғана жасап алған. Осы аударманың машинкада терілген нұсқасы музей қорында сақтаулы. «Абай музейінде талай жыл қызмет атқарған Мұздыбай Бейсенбайұлы 1984 жылы Қазан қаласына барып қайтқан сапарында аталған жарғыны көргенін жазған.

Алайда еліміздегі кітапханалар мен музей қорларында осы күнге дейін Қазан қаласында басылған Қарамола жарғысының бірде-бір көшірмесі болмаған. Хакім Абайдың бастамасымен қабылданған «Қарамола жарғысы» қадым жазуымен Қазан қаласындағы Императорлық университеттің баспаханасынан 1886 жылы Семей облыстық әскери губернаторының өкімі бойынша жарық көрген», - делінген хабарламада.

Табылған құнды құжат осы уақытқа дейін белгілі аудармаларды түпнұсқамен салыстыруға және жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Еске сала кетсек, өткен айда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абайдың 175 жылдық мерейтойын атап өту туралы Жарлыққа қол қойған болатын.

**Тимур САЛАМАТОВ,**
**өз тілшіміз**

# ПРЕЗИДЕНТ МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНАН ЭСТАФЕТАНЫ ҚАБЫЛ АЛДЫ

**Жақында 9 жасар мектеп оқушысы, "balapan" телеарнасының жүргізушісі Ләйлім-Шырақ Рысқали қазақтың ұлы ақыны Абай өлеңдерінен үзінді оқып, аталған эстафетаны жалғастыруды Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа жолдаған болатын.**

Бұл туралы Президент «Кішкентай балдырған қызымыз – Ләйлім-Шырақ Абайдың жүз жетпіс бес жылдығына орай ұлы ақынның өлеңдерінен үзінді оқу эстафетасын маған жолдаған екен. Мен бұл бастаманы зор қуанышпен қабылдадым. Хакім Абайдың есімі әрқашан қазақ халқымен қатар айтылады. Біз Абайды ұлықтау арқылы жас ұрпақтың бойына ұлттық рух дарытамыз. Абай арқылы елімізді әлемге паш етеміз. Биыл отызыншы мамырда данышпан Абайдың 175 жылдығын республикалық деңгейде атап өту жөнінде арнайы жарлыққа қол қойдым. Абай мұрасы – біздің қастерлі қазынамыз!» – деді. Және өзінің «Instagram» әлеуметтік желісінде Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңін оқыған видеосымен бөлісті.

# АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАР АБАЙ МЕРЕЙТОЙЫНА БІР КІСІДЕЙ АТСАЛЫСАДЫ

**Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын мерекелеу туралы Жарлықтың шығуын қаламгерлер қауымы асыға күткенін айтады.**

«Абайдың 175 жылдығын мерекелеу Жазушылар одағының, қаламгерлердің күтіп жүрген қаулысы болатын. Мұның жай қаулы емес, Президент Жарлығы болып шыққанында үлкен мән бар. Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлтымыздың ұлы ақынын ұлағаттауда ерекше жанашырлығы, тілге, әдебиетке деген жанашырлығы, Абайдың шығармашылығына деген ұлы құрметі деп білу керек.

Бұл Жарлықта ғылыми-практикалық конференциялар, Абайдың шығармашылығына қатысты әлем жұртшылығының қызығушылығын арттыру, әлемге Абайдың қадір-қасиетін, жұмбағын түсіндіру сияқты үлкен мақсат тұр. Оның ар жағында бұрын кеткен олқылық-кемшіліктерді ескере отырып, Абай шығармаларын әлемнің жетекші тілдеріне аударуға көңіл бөлінуде», - деді Ұлықбек Есдәулет.

Жазушылар одағы басшысының сөзінше, бұл мерейтойға Қазақстан ақын-жазушылары да бір кісідей атсалыспақ. «Әрине, біздің бүкіл жазушылардың, ақындардың атасы - Абай. Біздің жазушылар Абай шығармаларын жас ұрпақ бойына ана сүтімен сіңіруге, қадір-қасиетін түсіндіруге бір кісідей ат салысады. Абай оқуларын өткізу, зерттеу мақалаларын жазу, оның жүріп өткен жерлерімен сапарлау, ақынға байланысты шығармаларды сахналау, толыққанды дұрыс фильм түсіру және тағы басқа жұмыстар атқарылып жатыр. Жаңадан поэтикалық қойылымдарды іске асыру, бүкіл балабақшадан бастап мектептерде Абай өлеңдерін жаттату, оның Қара сөздерінің мәнін ашып беру, басқа да көп іс шаралар жоспарланып отыр. Келесі жыл Түркси бойынша немесе Қазақстан көлемінде Абай жылы болып жарияланатыны анық», - деді Ұ.Есдәулет.

**Бетті ұйымдастырған: Г.Сабирова**

# БІЗГЕ ТОҚМЕЙІЛСУГЕ БОЛМАЙДЫ

**(Басы 1-бетте)**

Оның айтуынша, мемлекеттің басты мақсаты – азаматтардың табысы мен тұрмыс деңгейін арттыру.

– *Біздің жұмысымыздың ең маңызды көрсеткіші – халықтың нақты табысы 6,3 пайызға өсті. Дегенмен тоқмейілсуге болмайды. Халықаралық сарапшылар әлемдік экономиканың дамуы күрделі кезеңде екенін айтуда. Осындай сын-қатерлерге қарамастан, ең басты міндетті жүзеге асыруымыз керек: бұл – жұмыс орындарын ашу. Дәл осы көрсеткіш бірінші орында болуы керек!* – деп нықтады Мемлекет басшысы. *Себебі, онсыз да аз отандық жұмыс күші – еңбекке қабілетті әр азамат лайықты жұмыспен қамтылса ғана халықтың әл-ауқаты жаппай жақсарады, экономиканың орнықты өсімі жалғасады. –Тек экономиканың жай-күйі ғана емес, сонымен қатар мемлекетіміздің ішкі тұрақтылығы да жұмыс орындарын құру мәселелерін шешуге тікелей байланысты болады. Сондықтан Үкіметтің, әкімдердің қызметінің нәтижелерін қарау кезінде бұл көрсеткіш бірінші кезекте есепке алынады. Әр өңірде, әр елдімекенде жұмыс орындарын ашу мәселесі шешілмей, біз қиын жағдайдан шыға алмаймыз! Әзірге аталған проблема лайықты шешімін таппай отыр,* – деп ашығын айтты Қ.Тоқаев.

Үкіметтің басты құжаты – «Еңбек» бағдарламасы «тоқырауға ұшыраған» яғни Қазақстанда жұмыссыздықтың қысқаруы қарқынды жүрмеуде. Мемлекет басшысы Премьерге бұл мәселеге жіті назар аударуды жүктеді. Дағдару белгілері байқалған тағы бір сала ретінде индустрияландыру аталды.

Сән-салтанатпен ашылған біраз жаңа кәсіпорын ізінше өнімін өткізер нарық таппай, болмаса не шикізат көзіне, не қаржы ресурстарына қол жеткізе алмай, тоқтап қалып жатады. – Индустрияландырудың алдыңғы бағдарламаларына объективті талдау жүргізу және жүйелі проблемаларды анықтау қажет. Ондай проблемалар бар! Олар туралы үндемей, жауырды жаба тоқудың қажеті жоқ.

Басты проблемалардың бірі – жете қаржыландырмау. Мысалға, 2018 жылға арналған индустрияландыру ісі қаржымен тек 35 пайызға ғана қамтамасыз етілді. Нәтижесінде стратегиялық мақсатқа қол жеткізу ісі де кейінге ысырылады. Бұған жоспарлаудың төмен сапасы да кесірін тигізуде. Салдарынан, жай ғана ізгі ниеттер мен жақсы тілектер бағдарламасына айналып кетті. Бағдарлама оның жобалары қажетті көлемде қаржыландырылатындай етіп, жоспарлануға тиіс, – деген Қасым-Жомарт Кемелұлы индустрияландырудың үшінші бесжылдығына көшпес бұрын шынайы талдау негізінде проблемаларды анағұрлым тиімді шешу жолдары ұсынылуы керегін нұсқады.

Мемлекет басшысы агроөнеркәсіптік сектордағы үйлесімсіз істерді де қатаң сынға алды. – Бұл сала инвесторлар үшін сол баяғыдай тартымды бола алмай отыр. Барлық халықаралық қаржылық институт бірауыздан ауыл шаруашылығында Қазақстанның орасан зор әлеуеті барлығын айтады. Алайда саланың арбасы ілгері баспады. Демек, біз – нашар басқарушымыз! Басқаша байлам жасау мүмкін емес.

Алдағы 5 жылдың ішінде ауыл шаруашылығында, шын мәнінде, серпін жасауға тиіспіз. Мұны көңілдеріңізге тоқып алыңыздар, – деген Қазақстан Президенті агроөнеркәсіптік салаға инвестиция тарту бойынша тиімді жұмысты жолға қою міндетін белгіледі. Бұған қоса, Үкіметке «ҚазақИнвестпен» бірлесіп, алдағы 3 жылда осы секторға ірі әрі әлемдік танымал корпорацияларды тарту жүктелді. Шығындығында, «ҚазАгро» холдингі реформаланады.

Қ.Тоқаев мемлекеттік қолдау шарттарының жиі өзгере беретініне аграршылардың шағымданатынын хабарлады. Бұл бағытта біріздiлік пен сабақтастықтың жоқтығы ауылдық бизнеске дұрыс әрі ұзақмерзімді инвестициялық шешімдер қабылдауға кедергі болады, агрокәсіптің тартымдылығы мен табыстылығын төмендетеді, кәсіпкерлердің болашаққа сенімін жояды.

– Қазақстан – аграрлық-индустриалдық ел. Мұны әрдайым есте ұстаған жөн. Сол себепті, Үкімет ауыл шаруашылығы саясатының қысқа және ұзақмерзімді нақты басымдықтарын түзуге және солар негізінде мемлекеттік қолдау құралдарын тұрақтандыруға тиіс. Әйтпесе, олар жұмыс істемейді. Ауыл шаруашылығы – басқаруында сабақтастығы жоқ жалғыз сала. Кезінде ауылға арнап, қаншама бағдарлама қабылдадық, қаншама уәдені тындадық. Әрбір министр тек соның бағдарламасы ғана дұрыс екеніне сендіріп бақты. Содан не шықты?

Гербицидтерді субсидиялау мен тұқым қорын жаңартудың тиімділігіне, техника паркінің тозуына, агротехнологиялардың сақталуына және басқасына қатысты сұрақтар тууда, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Былтыр ауыл шаруашылығының өңделген өнімдерін экспорттаудың жоспарлы көрсеткіштері небәрі 37 пайызға ғана орындалыпты.

Мемлекет басшысы аймақ басшылары отандық және шетелдік инвесторға шекеден қарамай, әдептен аспай, келіссөздерді іскерлік ауанда жүргізуге үйренуі керектігін қадап айтты.

– Қазақстанды инвестиция саласында тек жаһандық деңгейде ғана емес, сондай-ақ Орталық Азия өңірінде де салмақты бәсекелестік күтуде. Мен әкімдерге қайырыламын: сіздер өңірлерге инвестиция тартуға міндеттісіздер. Инвесторлар делегацияларын қалай қабылдағандарыңызды кейде теледидардан байқап қаламын. Бұларыңыз жарамайды: төрге, үстел басына өздеріңіз жайғасып аласыздар, ал бизнесмендерді өздеріңізден 2-3 метр қашықтыққа, төменге отырғызасыздар. Өздеріңізді әлдебір княздіктің билеушісі ретінде ұстайсыздар. Инвестицияға сіздер емес, бизнесмен мұқтаждай көресіздер. Әрине, оларға жөнсіз жалбақтаудың да қажеті жоқ. Барлығы тек іскерлік ауанда өтуі тиіс! – деді Қ.Тоқаев.

Президент жергілікті шенеуніктердің инвестордан пара дәметуіне де жол берілмейтінін нықтады. – Егер кімде-кім осындай әрекетімен көзге іліксе, бұрынғы сіңірген еңбегіне, жұмыс тәжірибесіне қарамастан, әкімдер қатаң жазаланатын болады. Мен алдын ала ескертіп отырмын. Әйтпесе, инвесторлар қандай да бір облысқа инвестиция салуға барса, жергілікті билік органдарының әлдебір түсініксіз талаптарына кезігетініне шағымдануда, – деді ел Президенті. Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік саладағы үйлестіру ісі күшейтілетінін мәлім етті. Әйтпесе, мәселен, бір қалада зейнеткерлер мен мүгедектер автобуста тегін жүреді, ал басқасында тұрғындардың осы санаты мұндай көмектен қағылады. Бір ауылда қарттарға отын жеткізіледі, ал өзгесі ондай жәрдемді қарастырмайды. Енді осының бәрі біріңғайландырылмақ.

– Бүгінде өңірлер әлеуметтік көмектің әралуан түрін әрқалай көрсетеді. Сәйкесінше, қазақстандықтар әр өңірде көмектің әрқалай түрі мен мөлшерін алады. Мемлекеттің қолдауы, осылайша, қырық құрақ көрпеге ұқсап кеткен. Ал біз – Ата заңымыз бойынша федеративтік емес, унитарлы мемлекетпіз! Үкіметке тұрғылықты жеріне қарамастан, азаматтарды әлеуметтік қолдаудың кепілдендірілген көлемінің біріңғай тәсілдемесін әзірлеуді тапсырамын. Халықты өнімді жұмысқа тарту жұмысын жандандыру маңызды. Тиісті бағдарламалар бар, олар іске асырылуда, әйтсе де, олардың орындалу қарқыны мен сапасына қатысты мәселелер жеткілікті, – деп түйді Мемлекет басшысы.

Жиын барысында Қазақстан Президенті 10 тамызға дейін Арыстағы жарылысқа кінәлілердің барлығын жазалау бойынша ұсыныстар енгізу жөнінде тапсырма берді. Сондай-ақ әскери ведомствоға бақылауды әлсіреткені және жарылысқа жол берілгені үшін Қорғаныс министрі Н.Ермекбаевқа қатаң сөгіс жариялады. Өз кезегінде Премьер-министр Асқар Мамин Президент қойған барлық міндеттер уақытылы жүзеге асырылатынына сендірді.

– Экономиканың сапалы және тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында инвестицияларды белсенді тартуға; өнімді жұмыс орындарын құруға; экономиканы әртараптандыруға; өнімділікті өсіруге және экспортты дамытуға бағытталған барлық қажетті шара қабылданатын болады. Үкімет қазақстандықтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған сіздің тапсырмаларыңыз бен бастамаларыңызды уақытылы және сапалы орындау бойынша жұмысты жалғастырады.

Бұл ретте Үкімет барлық қажет шараны ұйымдастыруда, – деді А.Мамин. Оның мәліметінше, ел эконо-микасының өсу қарқыны биылғы 6 айдың көрсеткіштері бойынша 2,9%-дан 4,1%-ға дейін жылдамдапты. Өсудің қозғаушы күштері ретінде өнеркәсіп, құрылыс, көлік, сауда және ауыл шаруашылығы салалары танылды. 14 өңірде өнеркәсіптің өсуі қамтамасыз етілген. – Негізгі капиталға инвестиция-лар 11,7%-ға ұлғайды, оның ішінде жеке инвестициялар 13%-ға өсті. Бұл көрсеткіштер Қызылорда, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында жоғары. Ал Шымкент, Нұр-Сұлтан қалаларында және Маңғыстау облысында бұл көрсеткіштер төмендеп отыр.

Құрылыс қарқыны Қызылорда, Қарағанды және Атырау облыстарында жоғары. Бірақ 4 өңірде өсім қамтамасыз етілмеген. Бұл – Шымкент, Нұр-Сұлтан қалалары, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстары, – деді Үкімет басшысы.

Сыртқы сауда айналымы 5 ай-дың ішінде 3,3%-ға артып, 37,2 млрд долларды құрады. Мемлекеттік бюджет кірісі өткен 6 айда 4 трлн 379 млрд теңгеге жеткен, яғни жоспардан 148 млрд теңгеге артық. Бұл былтырғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда 730 млрд теңгеге немесе 20%-ға көп. Мемлекеттік бюджет шығыстары осы жылғы 1 шілдеге дейін 6 трлн 342 млрд теңге болды.

– Еңбек нарығы тұрақты. Биылғы бірінші жарты жылда жұмыссыздық деңгейі 4,8%-ды құрады. 186 мың жаңа жұмыс орны құрылды, оның 126 мыңы – тұрақты, – деді Асқар Мамин.

Билік жыл сайын негізгі капиталға инвестициялар көлемін орта есеппен 20%-ға арттырып, оның деңгейін 2025 жылға қарай ЖІӨ-нің 30%-ына дейін жеткізуді кездеп отыр.

Тікелей шетелдік инвестициялардың жылдық көлемін қазіргі 24 млрд доллардан 2025 жылға қарай 34 млрд-қа дейін жеткізбек.

Екіншіден, Үкімет бизнес-қауымдастықпен бірлесіп «Индус-трия 4.0» технологияларын енгізу арқылы өндірісті өрістету, экспорт географиясын кеңейту, өңдеуді тереңдету, оның ішінде трансұлттық компанияларды тарту арқылы өндірістің жаһандық тізбегіне ену бойынша негізгі салаларды дамыту стратегиясын қайта қарастырады. Бұл 2025 жылға қарай өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігін 1,7 есеге, ал экспортты 1,5 еседен астамға арттыруға мүмкіндік бермек.

Үшіншіден, экономиканы цифрландыру қолға алынуда. Тау-кен металлургиясы, өңдеу өнеркәсібі, энергетика, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында цифрландыру шығындарды төмендетуге және еңбек өнімділігін 1,5 есе арттыруға жол ашады.

– Облыс әкімдіктерімен бірлесіп, 6 454 ауылдық елдімекен арасынан тұрғындар санының динамикасына, экономикалық көр-сеткіштеріне, тиісті инфрақұрылымның болуына қарай даму әлеуеті бар 3 387 ауылдан тұратын цифрлық карта жасалды.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы тірек және серіктес ауылдардың инфрақұрылымын басымдықты қаржыландыру арқылы жүргізіледі. Бұл бюджеттік инвестицияларды пайдалану тиімділігін және 2025 жылға қарай ауылдықтардың 85%-ның өмір сүру сапасын арттырады. 2019 жылы 700 мың адам тұратын 53 ауылдың инфрақұрылымы жаңғыртылып, 4 700 жаңа жұмыс орны құрылады, – деді Премьер.

Үшінші бағыт – табысты кәсіпкерлікке, төртіншісі – тиімді мем-лекеттік басқаруға, бесіншісі – тиімді әлеуметтік әл-ауқат жүйесін қалыптастыруға бағытталады.

Алтыншы бағыт «Білімді ұлт: баршаға арналған қазіргі білім беру стандарттары» деп аталады және оның аясында жыл соңына дейін Білім беру мен ғылымды дамытудың 2025 жылға дейінгі жаңа мембағдарламасы бекітіледі. Онда үш ауысымдық мектептер мәселесін шешу, барлығы 500 мектеп салу, МЖӘ тетігімен 3 мыңға жуық жаңа балабақша ашу жоспарлануда.

Жетінші – «Салауатты ұлт: медициналық қызметтер сапасы мен қолжетімділігі» бағытында барлық қаржыландыру көзі арқылы денсаулық сақтауды қаржыландыруды 2024 жылға қарай ЖІӨ-нің 5%-на дейін жеткізу көзделген.

Қабылданған шаралар нәтижесінде 2025 жылға қарай қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығы 73 жастан 75 жасқа дейін ұлғаяды деп күтілуде.

**Меншікті тілшіміз**

# Час испытаний

**Наш путь всегда устлан испытаниями. Иногда человеку посылает испытание должностями, иногда имуществом, иногда близкими людьми, иногда природными катаклизмами, иногда стихийными бедствиями. Но несмотря на это каждый должен быть готовым к новым вызовам, не сходить с пути справедливости, не изменять себе и своим принципам. Не менее важны навыки успешно преодолевать возникшие трудности.**

24 июня 2019 года, для сорока пяти тысячных жителей города Арысь Туркестанской области начался новый отсчет времени. Тут на юге Казахстана произошли взрывы на арсенале Минобороны РК. По официальным данным в результате чрезвычайного происшествия погибли 3 человека, из 409 человек, обратившихся за медицинской помощью, 80 были госпитализированы (из них 13 детей), в том числе 9 человек в реанимационных отделениях, включая 4 детей. Из восьми тысяч жилых домов и зданий города более 80 процентов были повреждены после серии взрывов боеприпасов. В двадцати домах похозяйничал огонь. После взрывов началась эвакуация населения. Жителей эвакуировали в близлежащие районы области и Шымкент.

В первый же день в зоне бедствия побывал Президент РК Касым-Жомарт Токаев и дал поручение Правительству взять под постоянный контроль вопрос восстановления города, обязал оказать необходимую помощь пострадавшим семьям. На заседании Совета безопасности РК Елбасы Нурсултан Назарбаев отметил, что: «Граждане из всех уголков страны выражают обеспокоенность, работники организаций и предприятий объединяются, чтобы помочь пострадавшим. Беды и трудности одного региона являются нашим общим вопросом. Благодаря крепкому единству народа мы преодолеем все сложности. Выражаю всем казахстанцам благодарность».

Да, трагедия шокировала всю страну. Следует отметить сплоченность казахстанцев. Со всех концов республики неравнодушные жители протянули руку помощи пострадавшим. В частности, девять областей отправили арысцам гуманитарную помощь, рассказал первый заместитель председателя партии Nur Otan Маулен Ашимбаев. Также он сказал: «Во всех регионах открылись пункты приема помощи арысцам. Это благотворительная акция казахстанцев в поддержку жителей Арыси». Подчеркнул, что ближайшее время помогут с доставкой строительных материалов. В свою очередь, власти Восточного Казахстана выразили готовность принять 1000 переселенцев из разрушенного города Арысь. Акимат Алматы поможет привести в порядок более 450 домов и 1 школу. На специально организованным акиматом Павлодарской области чартерным рейсом в данный регион прилетели 300 детей для хорошего летнего отдыха в оздоровительном лагере Баянаула. Сбор помощи для пострадавших от взрывов организовали и за пределами Казахстана - в Бишкеке.

«Люди познаются в экстремальных ситуациях. Этот парень рванул сразу, как прошла информация о взрывах. Обедал на ходу, без сна и отдыха за сутки совершил пять выездов в горячую точку. Вывез в Шымкент около 40 человек, часть из которых живут у него дома, часть в доме его сестры. Он себя не считает героем, а я горжусь тем, что много таких людей, которые молча делали добро, о поступках которых никто не узнает. Меня задела его скромность, еле уговорил его постоять молча», написал правозащитник Еркин Кахаров на своей странице в Facebook.

Открыт благотворительный фонд по сбору денежных средств. Акимат Туркестанской области создал специальный фонд, на счет которого поступило свыше двухсот миллионов тенге (527 тысяч долларов). Следует отметить, что сумма поступлений в данный фонд от различных организаций, учреждений, национальных компаний и других юридических лиц увеличиваются не по дням, а по часам. Так, казахстанский предприниматель, председатель Совета директоров BI Group Айдын Рахимбаев от имени своей компании выделил 100 миллионов тенге и заверил, что пострадавшим семьям на безвозмездной основе отремонтируют жилые дома. По его словам, этих средств хватит, чтобы восстановить как минимум 100 домов. Немало частных пожертвований. К примеру, известные артисты казахстанской эстрады Жанболат и Жазира из личного счета внесли 1000 000 тенге и организовали автокараван с товарами первой необходимости. Не остаются в стороне и общественные организации, АНК.

Наблюдая за всем происходящим, невольно приходишь к мысли, что главная сила страны – не в ее «бронепоезде на запасном пути», а в плотности центрального ресурса, естественного настроения людей вокруг любых задач, любых программ и планов. Важно лишь умело распорядиться им.

Отмечая проводимые работы по ликвидации последствий стихийного бедствия в Арысь было бы, наверное, несправедливым не обратить внимание и на имеющиеся проблемы. Так, в Министерстве обороны РК сообщали, что склады боеприпасов находились на удаленности до 200 метров от г. Арысь. При этом по правилам они должны были располагаться на расстоянии трех километров. Также было заявлено, что транспортировка боеприпасов в другое место продолжалась с 2005 года, а сроки затягивались из-за недостаточного финансирования. Кстати, десять лет тому назад подобное происшествие, но в меньшем масштабе, случилось в городе Арысь. Тогда же депутат Парламента генерал Ержан Исакулов предупреждал министерство обороны о том, что «в Арыси на военных базах хранятся многомиллионные боеприпасы и снаряды, вывезенные из Афганистана после вывода войск советской армии, и, если не принять соответствующие меры, подобные происшествия могут повторится, но уже в более тяжелых последствиях». Увы, этот голос был не услышан. В итоге сегодня имеем, то что имеем. Как отметил министр информации Даурен Абаев: «Безусловно, власть осознает, что взрывы на складах боеприпасов в мирное время - это недопустимо. Мы - не единственная страна, где такое произошло и происходит». А глава Туркестанской области Умирзак Шукеев сообщил, что по поручению Президента Казахстана военную базу из Арыси передислоцируют. Шукеев рассказал также, как будет организован процесс реставрации города Арысь.

И еще следует отметить, что жители, эвакуированные из разрушенной Арыси, сообщили, что живут в хороших условиях и не испытывают никаких затруднений в эвакопунктах. Однако не все арысцы разделяют данную точку зрения. И этой ситуацией воспользовались в том числе провокаторы, которые во время несанкционированного митинга от имени жителей Арыси требовали жилье и участки в Шымкенте, призвали закрыть город, выдать его жителям квартиры в областных центрах.

Понятно, что все вопросы разом не решить. Но уходить от них тоже нельзя. Нужна конкретная работа с конкретными результатами. Ибо наступил час испытаний. Хочется надеется, что совсем скоро заново отстроят город и он станет лучше, чем прежде. Тем более, когда есть шанс до наступления холодов решить все свои проблемы. Главное – не упустить это время!

**К.Жолдыбай,**
**Сообкор газеты «Сахара»**

**Бүгінгі таңда Атырау облысына бөлінген секторда 13 құрылыс мекемесі қызмет етуде. 500-ден астам адам және 20-ға жуық бірлік техника тартылған. Құрамында облыс әкімінің орынбасары мен кеңесшілері бар ведомствоаралық топ осы жұмыстарды үйлестіріп отыр. Қазір жұмыстар толыққанды режимде жүргізілуде, бірнеше үй толықтай қалпына келтірілді.**

# Арыс халқы атыраулықтарға алғыс айтты

Бұл жөнінде Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев Арысқа іс-сапарымен келген премьер-министр Асқар Маминге баяндады. Содан соң, облыс әкімі мердігер ұйымдардың басшыларымен кеңес өткізді.

– Осында орын алған оқиға бүкіл елімізге ауыр соққы болды. Қазақстанның түкпір-түкпірінен адамдар Арыстың тұрғындарына көңіл білдіріп, түрлі көмек көрсетіп жатыр. Үйлерді қалпына келтіру жұмыстары сапалы жүргізіліп, уақтылы аяқталуы тиіс. Сіздерге үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Үйлерді салғанда кірген адамдар риза болып, сіздерді жылы сезіммен еске алатындай қылып істеңіздер, – деді Нұрлан Ноғаев.

– Облыстың тұрғындары Мемлекет басшысының үндеуін қолдап, Арысты қалпына келтіруге белсенді атсалысуда. Гуманитарлық көмек, қаражат жіберілді, еріктілер барды. Бұл бала кезімізден қанымызға сіңген қасиет, қиын-қыстау сәтте еліміздің тұрғындары отандастарын қолдаусыз қалдырмайды, – деп атап өтті облыс әкімі.

– Біз барлығына да, Елбасына, Президентке, Атырау облысының тұрғындарына зор рахмет айтамыз. Сапалы, жақсы үйлердің қарқынды салынып жатқанын көріп отырмыз. Сын сәтте шеткері қалмай, қолдау көрсеткендеріңізге рахмет. Үйлеріміз біткесін Атырау облысының тұрғындарын қуана-қуана шақырамыз. Сіздер ұмытылмастай болып есімізде қаласыздар, – деді Арыс тұрғыны Бибіхадиша Момын.

**Б.Қуанов**

# БАТЫР ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

**Жақында Жеңіс саябағында Ұлы отан соғысында қаза тапқан Бисенғали Малдыбаевты ұлығылау және қайта жерлеу шарасы өтті. 1940 жылы әскер қатарына аттанған жауынгер 80 жылдан кейін атамекеніне оралып, 2019 жылдың 5 маусымында мүрдесі туған жерінің қойнына тапсырылды. Батыр Ленинград қаласын қорғау үшін болған атақты Усть-Тосна қантөгіс шабуылында ерлікпен қаза тапқан. 2019 жылы 10 мамырда Санкт-Петербург қаласы, Колпин ауданы, Усть-Тосненск станциясынан 2 шақырым оңтүстік беттен «Горячий снег» отрядының іздеу шаралары нәтижесінде сүйегі табылды.**

Рәсім басында сөз алған облыс әкімі Н.А. Ноғаев: «Майданда ерлігіміен қаза тапқан көптеген жауынгерлер, хабарошарсыз кеткен адам қаншама. Мыңдаған қазақстандықтар, соның ішінде Атырау тұрғындары қаза тапты. Біздің отандастарымыздың жиырма бес мыңы шайқас алаңында қалды. Көптеген адамдардың тағдыры белгісіз. Қазір іздестіру топтарының, еріктілердің арқасында біздің жауынгерлеріміздің есімдері мен сүйектері еліне жеткізілді. Оларға алғысымыз шексіз»,-деді.

Тарихшылар Ленинград шайқасын адамзат тарихындағы ең қантөгіс ұрыс деп баға береді. Невадағы трагедия – қанмен жазылған тарих. 1941 жылғы 8 қыркүйектен 1943 жылдың 18 қаңтарына дейін жау қоршауында болған Ленинградты азат ету үшін болған шайқастарда біздің жерлесіміз – Бисенғали Малдыбаев та ерлікпен соғысқан.

Тарихи мәліметтерге көз жүгіртсек, 1940 жылы әскер қатарына шақырылып, полк мектебін бітіріп, кіші командир қызметін атқарған. Соғыс алдында Эстонияда әскери міндетін жалғастырады. Әскери мәліметтерде темір жол бойын жау шабуылынан қорғайтын армияда қызмет еткен деп көрсетіледі. Б. Малдыбаев қызмет еткен 55-армия үш күндік ұрыста 21 мың жауынгерінен айырылған. Ленинград қаласын қоршау үшін болған шайқаста Б. Малдыбаев ерлікпен қаза тапқан.

**Заманбек Шакиров**
**Атырау қаласы**

# АРМЫСЫҢ, АЛАТАУ!

**Жақында «Нұрсұлтан шыңы – 2019» альпиниадасының аясында Алатаудың шыңына шығып, альпинисшілердей сұлу табиғатты 4300 метр биіктіктен тамашалаудың сәті түсті. «Тау алыстаған сайын қашықтай береді», - дегендей, тау шыңын бағындыру сапары қызыққа толы болды... Ол қалай болды дейсіздер ғой?!**

### ШЫҢҒА ШЫҒАРДАҒЫ ШЫҢДАУ

Тауға шығу үшін қажетті құрал-жабдықтарды алған соң Медеу шатқалынан жоғары жаяу көтеріліп, тау ауасымен тыныстап, денсаулығымызды тексердік. Қан қысымың, жүрек соғысының қалыптылығын байқау үшін бір күн бұрын мұндай жаттығудан өту керек екен.

Медеу мұз айдынының жоғары жағындағы жолдарға жөндеу жүріп жатқанына қарамастан, жаяу серуендеушілердің қатары көп. Тіпті кейбір алматылықтар отбасымен таза ауада қыдырып жүр. Әр жерде халыққа қолайлы қызмет көрсететін орындар бар. Біреулер атпен жарысып жүр. Аттың жадаулығын көргенде тілі жоқ жануарды аяп та кетесің. Тас жолда тағасы мықты болмаса тұқайының астындағы жүрегі зақымданып, жүруден қалады. Дегенмен ол жағы ойластырылған болу керек.

Біз түнгі сағат он екілер шамасында алдымен жатар орнымызды қарап, қауіпсіз жерге шатырымызды тіктік. Он минутта-ақ құрылатын оның түк қиындығы да, жүк боларлық салмағы да жоқ. Жүрерде жол сөмкеңе салып аласың.

- Сақ болыңдар, бұл жақта аңның түрі көп. Аю келсе қашып жүрмеңдер, - деп ескертті бізге команда жетекшісі Рафаэль Хабиров. Қашқанда қайда барасың? Сондықтан қорыққандарың, менен айнала жатыңдар деген Қожанасырдың қулығын айтып, қалжыңдаса жатып ұйқыға кеттік.

### АЛПИНИЗМДІ ДАМЫТУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Астана күніне орай өтетін дәстүрлі альпиниадаға қатысушылар қатары жылдан-жылға көбейіп келеді екен.

Біз таңғы 04:30-да оянып, сапарға аттанар жерге келгенімізде біраз адам кезекке тұрып үлгеріпті. Билетті бірнеше күн бұрын алғанмен, тіркелудің реті бар. Бұл Шымбұлақ аспалы жолмен жүретін қанатқының былай күнгі бағасы 4500 теңге болса, бұл күні 500 теңге ғана.

Ұйымдастырушылар жиналғандарға барлық қауіпсіздік шараларын сақтауды айтып, негізгі мақсат бұқаралық спортты дамыту ғана емес, жалпы альпинизмді көтеру, халықты тауға шығуға үйрету екендігін назарға салды. Баршаға сәт-сапар тіледі. Осылайша әр аспалы қанатқа жолаушылардан отырып көтеріле бердік.

Шымбұлаққа жеткен соң көпшілігі осы жерде серуендеп қалады да әрі қарай шыңға шығуды мақсат еткендер бірінен соң бірі жүріп кетеді. Осы тұста жетекшіміз, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің аға оқытушысы Р.Хабиров кімнен кейін кім жүретінің, жоғары жақтан тас құлап, қар көшуі мүмкін болғандықтан белгіге мұқият болу керектігін тапсырды.

### «ШОҚАН АСУЫ»

Сәл шығар шыңымыз туралы әңгімелесек. Алатаудың күншығыс беті Жоңғар Алатауына ұласса, батысы Қаратауға тіреледі екен. Ал оңтүстік қырғыз ағайындарға, солтүстігі қазақ жеріне тиесілі. Яғни, қазақ пен қырғызға ортақ тау ғой. Бұл жердің табиғатына қарасаң көз тоймайды. Тау бөктері қызылды, жасылды кілем төселгендей. Иіліп сәлем беріп тұрғандай жайқалған жасыл даланы көргенде ойындағыңның бәрін ұмытып: «Шіркін, адамдардың бәрінің жаны осындай таза, кіршіксіз болса ғой», - деп армандап кетесің. Тіпті күн сәулесі түссе болды қар астынан жарып шығып, қар үстіне сурет салғандай. Қарғағүлдің батырлығына қалай таңғалмассың. Қызғалдақ, сарғалдақтан басқа жұпар иісі аңқыған еңлікті айтсаңшы?!

Мың түрлі емге дауа еңлік гүлін жергілікті халық қатты қадірлесе, оны табу үшінде тау кезіп кететін көрінеді. Қазақстан Жазушылар Одағы төрағасының орынбасары, ақын Бақыт Беделхан: - Бұл жолмен атақты ғалым Шоқан Уәлиханов жүріп өтіп, Қырғыз еліне барып, Манасты жазған. Одан әрі Талғар шыңынан өтіп, Хан Тәңірі баурайы арқылы әйгілі Қашқарияға сапар жасаған. Алатау сілемдерінің шығыс бетінде «Шоқан асуы» деген шың бар,- дейді. Аю, бұғы, қасқыр, қар барысы, бүркіттің түрі кездесетін бұл өңір турлы бір сапарда білу мүмкін емес. Дегенмен бізге қырғауылдың қоңыр үнінен гөрі "жемтік болар қайсысың бар?" дегендей құзғынның жағымсыз қарқылы сұрықсыз көрінді. Сондықтан да "қара басыңа көрінсін" деп әрі аса бердік.

### ӘРБІР АДАМНЫҢ ӨМІРІ ҚЫМБАТ

Қалай десек те әрбір адамның өмірі қымбат бұл жерде. Сондықтан да төтенше жағдайлар комитетінің кезекші құтқарушылары, апат медицинасы орталығының шатырлы пункттері ара қашықтығы шамамен 800-1000 метрдей 2-3 жерге тігіліпті. Өйткені, әуесқой альпинистерден басқа денсаулығының шамасын біле бермейтін қарапайым тұрғындар да қызығушылық танытып осы жерде жүр. Тіпті шалт қимылдап, қар астына түсіп кетсе кім біліпті. Міне, сол үшін бірінші шатырға келгенімізде арнайы қызметкерлер аты-жөнімізді жазып, журналға тіркеп, білегімізге нөміріміз жазылған белгіні тағып берді. Осы сәттен бастап өзінді біртүрлі сезіне бастайды екенсің. Әрі қарай шақпақ-шақпақ тау тастарынан өтіп, көтеріле бергенде ақ қар алдымыздан шықты. Орта тұста күн сәулесінің ыссылығы қатты әсер ететіндіктен бетке арнайы крем жағып алған жөн екен. Бірақ күн сәулесі әлде қашан өтіп кеткен біздің бетімізге оның көмегі тие қоймас деген оймен өрмелеуді жалғастыра бердік.

### «ЕКІ ЖЫЛДАН БЕРІ ҚЫТАЙДАҒЫ ӘКЕ-ШЕШЕМДІ КӨРГЕНІМ ЖОҚ»

Біздің топта Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Қытайдан келіп, дене шынықтыру бөлімінде оқып жатқан Қонақбай Тұрғанбек пен Әсет Қыран деген студенттер болды. Сәл тыныққанда ішкі шерін тарқатып, айтқан сағынышқа толы әңгімесі естен кетпей қойды.

- Менің әке-шешем Қытай еліндегі Шыңжаң қаласында қалды. Біз Атыраудағы университетте шетелдіктермен арадағы студенттерді оқыту жөніндегі меморандумға сәйкес оқып жатырмыз. Әйелім де оқыды. Кішкентайымыз бар. Қазақстан азаматтығын алдық. Енді 12 шілде күні Құлжадағы Мұңылкүре ауданында әке-шешеммен, бауырларымен кездеспекпін. Олар әлі немерелерін көрген жоқ. Олардың бәрі Қазақстанға келгісі келіп отыр. Соны ақылдасамыз,- дейді.

Жанарында мұң, сағыныш бар. Жалпы арғы беттегі қазақтар мен бергі беттегі ағайындар осы жерде кездесетін көрінеді. Сосын екі жаққа қайтады. Бәрі бақылауда: ешкім ішкі жаққа, не бері өтпейді.

### МҰЗ ТАУДАН ӨТУ

Тау жотасындағы екінші шатырға сағат тоғыздардың шамасында келгенде нөміріміз бойынша түгендеді. Сондағы қызметкерлер ыссы шай қайнатып қойыпты. Таңғы бестен бері жүріп келе жатқандықтан тынығып, аяқ суыттық. Көп отырыс жоқ, ауа райының реңі бір түрлі болғандықтан барымызша шапшаң қимылдадық. Бұл нағыз сыналар шақ болды. Оның үстіне алдымызда мұз тауға көтерілу міндеті тұрғанын қайдан білдік. Сабырдың сыналар сәті. Арқада асынған затымыз сәл шалқайсаң кейін тартып әкететіндей. Біреулер ішер суларына дейін қарға қойып кетіп жатты. Біз де солай жасадық. Өйткені әлсіреп келе жатқанда әр грамм саған салмақ болып, тартылыс күші ілгері бастырмайды. Алға не артқа қарауға жоқ, бар зейін басқан ізінде ғана. Өзінді сәл тастап қойсаң, салың суға кеткендей отыра кетесің. Сондықтан да жігерленіп алға ұмтыла бересің. Бұл қиындықты да еңсеріп, жан-жағымызға қарағанда жаңағы – асқар таулар енді төменнен сәт-сапар тілеп тұр. Әркім өзінше арпалыс үстінде. Үнсіздік. Әлгінде ғана терлеп келе жатқан едік енді тау ызғар көрсете бастады. Оның үстіне алдымыздан қара бұлт көтеріліп келіп, «Сендер кімсіндер?» дегендей сес көрсетіп тұр. Кенет бір дауыс естіліп, алдыңғы жақ қобалжу үстінде. Сәйтсек жанына қарай сәл қозғалған адамның аяғы біраз шұқырға түсіп кетіпті. Қар астындағы қате деген осы. Қар, мұз, оның асты еріп, бұлақ болып ағып жатыр. Альпинистердің кім екенін, олардың өмірлерімен не үшін қоштасып шығатынын осы мұз тау ұқтырғандай.

### "НҰРСҰЛТАН ШЫҢЫ"

Соңғы шатырға бес сағаттай жүріп жетіп, тәртіп бойынша тіркеуден өттік. Осы жерде құралсаймандарымызды қадағалап, бір реттеліп алдық. Ендігісі тік жардай қар. Одан әрі тік. Бар күшімізді жиып, қырқына шыдағанда қырық біріне қалай шыдамассың деп тәуекел еттік. Алғашында құзар шың алдырмады. Қанша жалына жармасқанмен төменге қарай ысырылу қаупі төнді. Ең бастысы ескертуге қатты мән беру керексің. Құлағымыз тұнып қалғанмен жоғары жаққа жәутеңдеп қарай береміз. Егер биіктен құлап келе жатқан тасты көрмей қалсаң, мерт болу деген сол. Дегенмен ақ қарға мысықша жармасып, «Бұл бағындырар биігімді әке-шешемнің рухына бағыштаймын. Қайтқенде де шығуым керек»,- дегенді сан қайталап, ақыры көздеген биіктікке қол жеткіздім. Сол-ақ екен ауа райы күрт өзгеріп, қар аралас бұршақ жауып, жел тұрды. Жедел қайту жөнінде төтенше жағдай қызметкерлері хабар таратты.

### БҮКІЛ ӘЛЕМ БАС ИІП ТҰРҒАНДАЙ

Тау шыңында, айналаңызға көз тастасаңыз өзіңізге бүкіл әлем бас иіп тұрғандай сезіледі. Төңірек тура алақаныңда тұрғандай көрінеді...

Тауға көтерілудің өзі адамның өмірі тәрізді. Шексіз кеңістік, барлық тарапқа ашық жол. Әрбір адамның мақсаты болады ғой. Осы тұрғыдан келгенде биыл газетімізге 85 жыл. Соның қорытынды нүктесін Алатау шыңында қойсам деген ой қыста келген еді. Облыстық «Нұр Отан» партиясы филиалының ұйымдастыруымен жүзеге асқан бұл сапар сол ниетке жеткізді. Атырау қаласының, облыстық «Нұр Отан» партиясы және Индер ауданының символдық тулары мен «Дендер» газетін биікке көтердік.

«Нұрсұлтан шыңына» көтерілгендерге Алматы қаласы спорт басқармасы арнайы сертификаты табыс етті.

Тибет Ламалары: «Тауға шыққан сәтте әрі қарай да жүре беріңіз, тоқтамаңыз»,-дейді екен. Ендеше, жолыңыз болсын!

**Жанай АМАНТУРЛИН,**
**Алматы қаласы.**
**"Нұрсұлтан шыңы"**

# Тұтынушы құқықтары және олар қалай қорғалады? Деген не

**Тұтынушы дегеніміз кім? Тұтынушы – жеке, отбасында, үй ішінде және кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзге де пайдалануға ғана арналған тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) тапсырыс беру немесе соларды сатып алу ниеті бар не тапсырыс беретін, сатып алатын және (немесе) пайдаланатын жеке тұлға. Ал, тұтынушының қандай құқықтары бар?!**

ҚР-сы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңының 7 бабының талабына сай тұтынушылардың тауарларды (орындалатын жұмысты және көрсетілетін қызметті) иеленуге еркін шарт жасасуға, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы сауаттандыруға;

тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы ақпарат алуға;

қауіпсіз тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатып алуға;

тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) еркін таңдауға;

тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) тиісті сапасына;

тиісті де, тиісті емес те сападағы тауарды айырбастап алуға немесе қайтарып беруге;

тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан өздерінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды (зиянды) толық көлемде өтетуге;

сатушыдан (орындаушыдан, дайындаушыдан) тауарды сатып алу (жұмысты орындау, қызмет көрсету) фактісін растайтын құжатты алуға;

ұтыс түрінде берілген (орындалған, көрсетілген) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) сапасы бойынша ойындардың бастамашысына (ұйымдастырушысына) кінә қоюға;

тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерін құруға;

моральдық зиянды өтетуге;

құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға;

заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау келесі негізгі қағидаттарға сүйеніп жүзеге асырылады:

1) тұтынушылардың экономикалық мүдделеріне жәрдемдесу және осы мүдделерді қорғау;

2) сатушы (дайындаушы, орындаушы) ұсынатын тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы ақпараттың қолжетімділігі және дұрыстығы;

3) тұтынушыларды сауаттандыру;

4) тұтынушылардың заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету;

4-1) электрондық коммерцияда тұтынушылардың заңды мүдделерінің басқа сауда нысандарында ұсынылатын қорғау деңгейінен кем емес қорғалуын қамтамасыз ету;

5) тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің тұтынушылардың құқықтарын қорғауға қатысуы;

6) тұтынушыларды қауіпсіз және сапалы тауарлармен (жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен) қамтамасыз ету қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Құқықтық мәдениет дегеніміз не? Оның қаншалықты қажеттілігі бар? Қарапайым халық өз құқықтарын біле ме? Тұтынушылар құқығы сақталуда ма? Заңды білмеушіліктен тұтынушы құқығы бұзылады. Сатушының басты міндеті тұтынушының мемлекеттік және орыс тілдерінде толық ақпарат беруі. Бір тілде берілген ақпарат толық емес ақпарат болып есептеледі. Егер сатып алынған тауар техникалық сапасы төмен, нормативтік талапқа сай болмаса, яғни сатылған тауардың жарамдық мерзімі өтіп кеткен, кемшілігі болса, тауар алынған күннен бастап 30 күн ішінде алмастырылады немесе қайтарылады.

Пайдаланылмаған тауарларды қайтару мерзімі бұрынғыдай тауарларды сатып алған күннен бастап 14 күн ішінде күшінде қалды. Сатып алушы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын қоспағанда, азық-түлікке жатпайтын тауар берілген кезден бастап 14 күн ішінде, егер сатушы неғұрлым ұзақ мерзім жарияламаса, сатып алынған тауарды сатып алу орнында немесе сатушы хабарлаған өзге де орындарда бағасында айырма болған жағдайда сатушымен қажетті қайта есеп айырыса отырып, басқа мөлшердегі, нысандағы, габариттегі, пішіндегі, түстегі, жиынтықталымдағы және осы тәріздегі соған ұқсас тауарға не тараптардың келісімі бойынша басқа тауарға айырбастауға құқылы. Бірақ қайтаруға, айырбастауға болмайтын тауарлар бар екенін ескеру керек. Олар - азық-түлік емес тауар түрлері, дәрі-дәрмектер, медициналық өнімдер, іш киім, шұлық сынды бұйымдар, жануарлар мен өсімдіктер, сондай-ақ метрлеп сатылатын заттар.

Супермаркеттердегі бағалардан шатасу тұтынушылардың алдануының жиі кездесетін түрі болып табылады. Әдетте әкімшілік мұны тауарлардың үлкен түсіміне байланысты баға тізімін уақытында өзгерту мүмкін еместігімен түсіндіреді, ал тауарлардың жаңа бағасы компьютерге енгізіліп қойылады. Бұл жағдайда сатып алушы қандай бағада сатып алуға құқылы, ал сатушы қандай бағада тауар сатуға міндетті? «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңның 24-бабы 12-тармағына сәйкес, сатушы сауда объектісінің ішкі және сыртқы витриналарына қойылған тауардың құнын бағалар заттаңбасымен ресімделген сомада көрсетуге міндетті болып табылады.

Тауарды белгілі бір бағамен сатып алу туралы ұсыныс сатушының ашық ұсынысы, яғни баға белгісі ашық ұсыныс болып табылады және сатушы осы ұсыныста көрсетілген баға бойынша тауарларды сатуға міндетті. Бұдан шығатыны, тұтынушы қатаң түрде баға белгісі бойынша төлеп, артық төленген сома оған қайтарылуы керек.

Сауда орындарында «Сатып алынған тауар қайтаруға немесе ауыстыруға жатпайды» деген хабарламаларды көреміз. Бұл «Тұтынушылардың құқығын қорғау» Заңын бұзу болып табылады. Қолдану мерзімі өтіп кеткен азық-түлік, бүлінген сапасыз бұйым сатып алған жағдайда да тұтынушы өз құқығын қорғай отырып, тауарды қайтарып немесе ауыстырып алуына құқылы.

Соңғы кезде банк клиенттерінің тұтынушылық құқықтарының бұзылуы жөнінде арызданулы жиілеп кетті. Бұрын несие бойынша алдымен пайыздық үстеме, одан кейін айыппұл, соңынан негізгі қарыз өтелетін. Қазір жаңа банк заңнамалары бойынша ең алдымен негізгі қарыз, одан кейін пайыздық үстеме және соңынан айыппұл ұсталады. Ал айыппұл көлемі әр жыл үшін 10%-дан аспауы керек.

«Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің шекті мөлшерін бекіту туралы» ҚР-сы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 377 Қаулысының 1 тармағы бойынша екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржы және микрокредиттік ұйымдар мен кредиттік серіктестіктер беретін банк қарыздары, микрокредиттер, кредиттер бойынша сыйақының шекті жылдық тиімді мөлшерлемесі 56 (елу алты) пайыз мөлшерінде бекітілген.

Банк қарызы шартын, микрокредит беру туралы шартты, кредиттік шартты жасау, банк қарызын, микрокредитті немесе кредитті берумен және қызмет көрсетумен байланысты сыйақы мөлшерлемесі өзгерген және (немесе) комиссиялар мен өзге төлемдер өзгерген немесе жаңадан енгізілген күні сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі осы тармақта бекітілген шекті мөлшерден асып кете алмайды. Кей қаржы ұйымдарының күніне 1-2 пайыз, айына 30 пайыз т.б. деген пайыздық үстеме қоюы заңсыз. Банк қызметінің тұтынушысы ретіндегі құқықтарыңызды да білген жөн.

**Салтанат РАХИМОВА,**
**«Адамгершілік» қоғамдық қорының жетекшісі, заңгер**

# В ТРЕХ ОБЛАСТЯХ КАЗАХСТАНА НАЧАЛОСЬ ПОЭТАПНОЕ ОТКЛЮЧЕНИЕ АЭТВ

В рамках Государственной программы «Цифровой Казахстан» в стране активно реализуется проект по поэтапному переходу на цифровое эфирное телерадиовещание с полным отключением аналогового телерадиовещания. На сегодняшний день построено и модернизировано 447 радиотелевизионных станций. Данное количество РТС позволяют охватить цифровым эфирным телерадиовещанием 4255 населенных пунктов Казахстана.

В ряде населенных пунктов Алматинской, Павлодарской и Костанайской областях уже началось поэтапное отключение аналогового телерадиовещания.

В Алматинской области введено в эксплуатацию 90 радиотелевизионных станций которые охватывают цифровым эфирным телерадиовещанием 772 населенных пункта. Полное отключение аналогового телерадиовещания в области состоится 28 июня в г.Жаркент. По итогам реализации проекта порядка двух миллионов жителям области будет доступно телевидение в цифровом качестве.

В Павлодарской области также завершена реализация проекта по внедрению ЦЭТВ. В настоящий момент в области 385 населенных пунктов из них 356 охвачены цифровым эфирным вещанием.Для достижения намеченных целей в области было построено и модернизировано 29 радиотелевизионных станций. 1 июля текущего года на радиотелевизионной станции города Павлодар состоится отключение аналогового телерадиовещания во всей области.

Для успешной реализации проекта, в Костанайской области было построено и модернизировано 59 РТС, из них 32 вновь возводимые. По итогам всех работ уровень охвата цифровым эфирным телерадиовещанием составил 98% населения региона, а это 627 населенных пунктов. Полное отключение аналогового телерадиовещания во всей области состоится 1 июля на радиотелевизионной станции города Костанай.

Отключение аналогового эфирного вещания и переход на цифровое эфирное телевещание в Казахстане идет согласно утвержденному графику. В 2018 году был осуществлен переход на ЦЭТВ с полным отключением АЭТВ в Мангистауской, Жамбылской, Туркестанской областях и в городе Шымкент.

**Нәсіпқали Сейітов 75 жаста**

# Бұрмаланды тарих, жадымыздан жаңылдық

«Ақындар ауылда туады...» демекші, Нарын құмында дүниеге келіп, ұлттың мұңын мұңдайтын парасат иесіне айналған Нәсіпқали Сейітов – азабы ауыр ғалымдық пен дерті қалың ақындықтың шыңын бағындырған елімізге танымал тұлға. Саналы ғұмырында геология-минерология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүшесі дәрежесіне жеткен Н.Сейітовтің ғалымдықпен қатар, ақындық өнерінде де бағы жанған ақын екенін халық біледі.

«Шындықтың қыңырлыққа ұқсап тұрады» деген философ Ницшенің сөзі өлең-сөзге қатысты айтылғандай болып тұратыны бар. Ол заңды за. Өйткені, өлең – елдің рухани бағдары, бағдаршамы іспетті асыл дүние. Бұл ретте Н.Сейітовтің шығармашылығына қоғамдық шындықтың шар болатында қайралған отты мінез тән дер едік.

Бүгінде мерейлі 75 жасқа келсе де, қолынан қаламын тастамаған қазақтың айтулы ақынын мерейлі жасымен құттықтай отырып, әлі қаламы суып үлгермеген бір топ өлеңдерін назарларыңызға ұсынып отырмыз...

«Ой-хой!» емес, мұң қылып жырдың жолын
Аярлықпен алдаусыз күн өтпейді.
Қамсыз өмір біртіндеп құрдым болып,
Мазасыз ой жаншиды, иектейді.

Ерік қалған кембағал кәріп болып
Дәрмені жоқ «тажалмен» таласуға.
Азаттықтан адамдар тәрік болып,
Болашаққа бағдардан адасуда.

Қоғам – қоңыр. Айшықтан ишара жоқ,
Қан мен сөлден айрылған, сүлде қалған.
Адамдары қорланған бишара боп,
Тұралаған қиял мен жүрдек арман.

Сан әдіспен сананы кіреукелеп
Көкке балап көтердік көмескіні.
Тамсанатын дәстүрден тіреу тілеп
Мәңгіп кетті мәңгүрт боп ел өскіні.

Жынойнақты жалпыға үлестіріп,
Ырду-дырду даңғаза күліп кеп тұр.
Атажұртқа сүреңсіз күй кештіріп,
Атақүлді бір дүлей үріп кетті.

Пәтуа жоқ есерге ергендерден
«Албастының» пәрменін төкпектетті.
Елді салып сабылтып сергелдеңге
Үміттерді сол пәрмен үптеп кетті.

Ізсіз-түссіз жаныштап тастайтындай
Теріс ниет зымиян, айлалы екпін
Сылбырланып сыңсудан аспайтындай
Ұлттың Ұлы діңгегі қайда кеттің?!...

* * *

Жайсаңдығын бүгін де бергісі жоқ
Ел ертеңін болжайтын, саралайтын
Ізгі үміттің ізі жоқ, белгісі жоқ...
Қорғасын ой жанымды жаралайды.

Тоңмойын ой ысқырған, азынаған
Дірдектетті, өршіді, құйындатты.
Жалап-жалап жарасын жазып алар
Көкжал-мінез, қайтейін, бұйырмапты.

Дене дел-сал, езілген ет жүрек те
Азған ағза дәрменсіз алға асуға
Ғарып жандай адасқан тас түнекте
Бишара боп күн кешу жалғасуда...

* * *

Ұлт мәрттігін жоғалтқан, сақталғанмен сырт мүсін
Жатқа жақын болам деп мәңгүрттендік, сабылдық.
Кеше менен бүгіннің арасына құрт түсіп
Бұрмаланды тарих, жадымыздан жаңылдық.

Жадын жатқа ұстатқан Ұлт тағдыры көмескі
Шипа табу тым қиын бодандықтың дертіне.
Іштен жейді ішмерез, байқамайды оны ешкім,
Есеңгіреп қалыппыз, Ертеңдерді елес қып.

Ұрпағы едік кешегі тұлпар мінген тектінің
Бүгін болмыс боркемік, сана сарсып сор болды.

Басынғанға былқ етпес, еті үйренген тепкіге
Бишаралық күн кешіп, қойдан құлап қор болдық...

* * *

Мүсәпір қоғам пендесі жаппай қорынған
Ұшпаққа қарай таппаған шеру төтесін,
Тарих деген тарпаңдау тағдыр жолында
Бел-белестердің көрген ғой не бір көкесін.

Қып-қызыл террор жаныштап, қылып кіріптар
Қиналған халқым елдіктің таппай еш емін
Тұрмысы жүдеу, ертеңге бірақ үміт бар
Тәуірлеу ме еді бүгіннен кезім кешегі?!

Қаңқуылы жүйе... Тартудай тарттық азабын...
...Еркіндік алып, бөрікті көкке атқанда
Ойлаған жоқпыз тағы да сорлап Қазағым
Мамырдың өзі айналады деп ақпанға.

Тәуелсіз елді тәуелді қылды кілең қырт
Халықты алдап, қулығын әбден асырды:
Өздері тойып, қалғанын жұртқа шүлен ғып
Тонады, сықты, қанады – әбден басынды.

Қырттарға қарсы көрсете алмай ірілік
Пұшайман болдық пәрменнен «пері» андатқан.
Аптапта қалған айрандай быршып ірідік,
Тоз-тоз боп кеттік, жамырап кеттік жан-жаққа.

Құдайдың өзін қырыққа бөліп жамағат
Пайғамбар-сезім тентіреп қалды, жарықтық.
Бас төбет жейтін итаяқ маңын жағалап
Таласқан соған иттерден әбден жалықтық.

Халықты олар қой қылып айдап алғасын
Індетте қоғам. Ұлтымның жаны жаралы.
Бүгінгі сұмдық ертең де солай жалғасып,
Үміттер бүгін үптеліп кетіп барады.

Үзілсе үміт тірліктің мәні біткені
Қашанғы халқым жамырай берер беталды?
Жантайып қалса шаңырақ күткен тіктеуін
Күтетін алдан, сенетін енді не қалды?!

***

Жапа шеккен жалғаны
Елде ерік жоқ емделер.
Аярлыққа алданып,
Санын соққан пенделер.

Билік бишік шықпыртып,
Ез боп кетті ерлері,
Мінездіні тұқыртып,
Мәңгіп қалды зерделі.

Оғаш ойды оюлап
Жырым бастар жыраққа.
Жауыздықты жоюға
Қауқары жоқ бірақ та.

Тепсінген де күбінген
Билік бұзды өренін...
...Кәдеге асар түбінде
Менің өршіл өлеңім...

***

Айғыздап әжім түр-түсті
Үлкендік жетті байқатпай.
Ағарды шаштар, тіс түсті,
Тәуекел қалды тайқақтап.
Жылжыса жылдар біртіндеп
Үмітке үміт жалғадық.
Келінге кейіп, түртінген
«Шал» деген атақ алмадық.
Санада байып тұрақтап
Күн кештік, Құдай оңдады.
Естілер тосын құлаққа
«Қарт» деген сөз де қонбады.
«Ағ-а-а-ай!» деп ару назданса,
Күмілжіп қалар күйге ендік.
Көгілдір көктем-жазды аңсар
«Қария-күзге» үйрендік.
Жаңылмай бұрын жол табарДаңғылға тартсақ, «шаталдық».
Жиналған жастар ортада
«Ақсақал» деген ат алдық.
Зердені зерлеп жыр жазып
Адал мен Арды жақтадық,
Баршаны дәйім ырза ғып
«Ақсақал» атын ақтадық.
Талайлар тәнті тамсанды
Оюлап айтқан ойға мың.
Айтса да пікір байсалды
«Абыз» деп атай қоймады.

* * *

Ел үшін күйген, өртенген
Қалдырмақ қайсар, асқақ ой
Аңыз боп қалар ертеңге
Абыздың жөні басқа ғой...

***

Озбыр обыр қоқаңдап кәрін төккен
Тасыр заман, апыр-ау, мынау неткен?
Толып жүрген айналаң шүкіршілдер
Нанға тойған, Намысын төмендеткен.

**Sakhara**

**Меншік иесі:**
**«АР-ЧЕСТЬ» МЕКЕМЕСІ**

**Директор**
**Бас редактор**
**Қуандық БАТЫРОВ**

**Бас редактордың**
**бірінші орынбасары**
**Ермек БИҒАЛИ**

**Әдеби редактор:**
Гүлбану НҰРЫМҚЫЗЫ

**Техникалық редактор:**
Құралай МОЛДАҒАЛИЕВА

**Ақылдастар алқасы:**

І.БАЙМҰХАНОВ, И.ЕЛЕКЕЕВ, Т.ЖАҢАБАЙҰЛЫ, Қ.ЖҮСІП, А.КЕНЖЕҒАЛИ, С.ҚАЛИЕВ, Б.МАНСҰРОВ, М.ӨТЕШОВ, Қ.РИЗУАНОВ.

**Меншікті тілшілер:**
**Алматы:** Сансызбай МӘДИЕВ (87015292538)
**Нұр-Сұлтан:** Кенжеболат ЖОЛДЫБАЙ (87015266947)
**Ақтау:** Әнуар ЖӘНІБЕК (87025128957)
**Ақтөбе:** В.А.КОРЬЕНКОВ (87015251633)
**Қызылорда:** Ерқанат СӘРСЕНБАЙҰЛЫ (87013369889)
**Орал:** Т.ТОҚМАМБЕТОВ (87476071947)
**Тараз:** Талғат Талапұлы (87758820481)

**Тарату менеджері:**
А.ҚУАНДЫҚҰЛЫ
**Жарнама менеджері:**
Ә.ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ

*Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігінде 2019 жылғы 05 ақпанда қайта тіркеліп, тіркеу туралы № 17503-Г куәлігі берілген.*

**Редакцияның мекен-жайы:**

060007, Атырау қаласы, Гурьев көшесі, 5 үй,
Телефон: 32-34-17
87759232871, 87013713971, 87781316794

**Электронды почта:**
**E-mail: sakhara_@mail.ru**
ИНДЕКС: 65994

Газет редакцияның компьютер цехында теріліп, беттелді.

Апталық таралымы 6000 дана «Жеңіс» полиграфия кешенінде басылды.

**Мекен жайы:** Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Якубов көшесі, 62

Көлемі 2 баспа табақ

Газет А2 және А3 форматымен үш тілде шығып, Қазақстанның барлық аймақтарына тарайды.

Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

«Сахара» газетінде жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

Авторлар жарияланымындағы пікірлер редакция көзқарасын білдірмейді.

Аптасына 1 рет шығады.

Газет сайты: sakhara.kz